

**КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
«№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»**

№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС МАТЕРИАЛДАРЫ

ХАТТАМА №5

Өткізілетін уақыты: 31 мамыр 2024 жыл

Педагогикалық кеңестің түрі: «Интеллектуалды жарыс»

Тақырыбы: «Оқыту-тәрбиелеу жұмысының 2023-2024 жылдық қорытындысы, жаз кезеңіндегі мектепке дейінгі ұйымдардың қызметі, жаз мезгілінің оқу қызметі, күн тәртібі, өтпелі тақырыптары»

Мақсаты: Жылдық жоспар міндеттерінің орындалуын талдау, жаз мезгіліне дайындық.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: меңгеруші, әдіскер, психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы – меңгеруші: Ш.А.Мухаметрахимова.
2. Бір жылдық барлық топтардағы тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау, денсаулық топтарының барлық көрсеткіштері – медбике: М.С.Есжанова.
3. Балалардың даму деңгейін талдау және бағдарламалардың орындау деңгейі жөніндегі жалпы тұжырым – әдіскер: Д.К.Сатпаева.
4. Тәрбиешілер мен педагогтардың жылдық есебін тыңдау.
5. Тренинг.
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

№5 педагогикалық кеңесте өтілетін ашық оқу қызметтері:

1. «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі: Камалова Қ.А.
Тақырыбы: «Орман қызықтары»
2. «Балапан» ортаңғы топ тәрбиешісі: Бектурсунова М.О.
Тақырыбы: «Үй құстары мен дала құстары»
3. «Жұлдыз» ортаңғы топ тәрбиешісі: Р.К.Абдильдаева
Тақырыбы: «Пішіндер»
4. «Ақбота» ересек топ тәрбиешісі: Г.Ж.Бугенбаева
Тақырыбы: «Қоршаған әлем»
5. «Құлпынай» мектепалды топ тәрбиешісі: Сүлеймен Е.Ш.
Тақырыбы: «Интеллектуалды білім жарысы»
6. «Ақжелкен» мектепалды топ тәрбиешісі: Н.Ж.Рысбекова
Тақырыбы: «Сиқырлы математика ертегілер әлемі»

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші: Шаттық Абишевна IV-педагогикалық кеңестің шешімдерінің жүзеге асу барысын мәлімдеп, оқу–тәрбие жұмыстарының нормативтік стандартқа сай жүргізілгенін атап өтті. Мерекелік іс-шаралар, педагогикалық кеңестер өз деңгейінде ұйымдастырылып, педагогтар үлкен дайындық жұмыстарын атқарды. IV педагогикалық кеңестің шешімдері толығымен орындалды.

II ТЫҢДАЛДЫ:

Медбике М.С.Есжанова балалардың денсаулық жағдайы туралы есеп берді. 2023-2024 жылда ОРВИ, фаренгит, және басқа да жұқпалы аурулар саны азайды. Балабақшадағы сауықтыру шаралары мен дене шынықтыру сабақтары нәтижелі болды. Балалардың келу деңгейі 72%-ды құрап, жалпы денсаулық көрсеткіші 85,7% болды.

III ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Сатпаева Д.К. балалардың даму деңгейі мен бағдарламалардың орындалуы жөнінде сөз сөйледі. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерде өз деңгейінде өткенін, жаңа технологиялардың қолданылғанын атап өтті. Балалардың белсенділігі жоғары болғанымен, көрнекіліктерді А3 форматында дайындау ұсынылды.

IV.ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиешілер мен педагогтар өздерінің жылдық есептерін ұсынды. Барлық топтар бойынша балалардың оқу мен дамуы қанағаттанарлық деңгейде өтті. Топтардағы тәртіп, тазалық, шығармашылық жұмыстары жоғары бағаланды.

V.ТЫҢДАЛДЫ:

Психолог Г.Н.Дарибаева «Біз біргеміз-берік іргеміз» атты тренинг ұйымдастырып, ұжымдық бірлікті арттыру, өзара сенім мен қолдауды нығайту мақсатында түрлі жаттығулар жүргізді.

Педагогикалық кеңестің шешімдері:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: 02.06.2024 жыл

Жауаптылар: әдіскер, педагогтар.

2. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: медбике, тәрбиешілер.

3. Балалардың даму деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

4. Тәрбиешілер мен педагогтардың есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: әдіскер.

5. Психологтың жұмысы өз жалғасын тапсын.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: психолог.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Ш.А.Мухаметрахимова

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Д.К.Сатпаева

